

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

| | |
|-----|--|
| 1.1 | <p>Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)</p> <p>«Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ-нің М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі 030100, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов ауылы, Т.Жүргенов көшесі үй № 66,</p> |
| 1.2 | <p>Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)</p> <p>Телефон: 8(71339)21686, 8-776-7870776, mhzumabaevsh@yandex.kz, mzhumabaevsh@mail.kz https://zhumabaev.aitekebi.edu.kz/kz</p> |
| 1.3 | <p>Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)</p> <p>Издина Сағыныш Мухидуллаевна 2016 жылдың 29 тамызындағы №163 бұйрығымен «М. Жұмабаев атындағы жалпы орта мектебі» мемлекеттік мекемесіне директор қызметіне тағайындалды.</p> |
| 1.4 | <p>Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар</p> <p>1 2021 жылдың 13 қаңтарында ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаменті мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама БСН 970740001816</p> |
| 1.5 | <p>Рұқсат етуші құжаттар</p> <p>Электрондық нысанда бастауыш білім беру, негізгі білім беру, орта білім беру қызметінің басталғаны туралы лицензия 25.01.2021 жылы № KZ45LAA00020149 Мектепке дейінгі тәрбие және оқу саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарлама 25.12.2015 жылы KZ36RVK00006338 берілген.</p> |

2. Кадрлық құрамға талдау

2.1 **Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;**

2023-2024 оқу жылы. “Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2023-2024 оқу жылындағы жағдай бойынша **бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 33 мұғалім.** Барлығы жоғары білімді. Оның ішінде - “педагог-зерттеуші” – 6 мұғалім, “педагог-сарапшы” – 7 мұғалім, “педагог-модератор” – 13 мұғалім, педагог санатында -7 мұғалім Сапалық құрам – 42 % құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беру ұйымдары үшін - 35%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің сапалық құрамы

| Оқу жылы | Жалпы саны | жоғары | | 1 санат | | 2санат | | Педагог-шебер | | Педагог-зерттеуші | | Педагог-сарапшы | | Педагог-модератор | |
|-----------|------------|--------|----|---------|----|--------|----|---------------|----|-------------------|-----|-----------------|-----|-------------------|-----|
| | | 0 | 0% | 0 | 0% | 0 | 0% | 0 | 0% | 6 | 18% | 7 | 21% | 13 | 39% |
| 2023-2024 | 33 | 0 | 0% | 0 | 0% | 0 | 0% | 0 | 0% | 6 | 18% | 7 | 21% | 13 | 39% |

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері -54. Оның ішінде жоғары білімді – 53 мұғалім, арнаулы орта - 1 мұғалім. Оның ішінде “педагог-зерттеуші” – 12 мұғалім, “педагог-сарапшы” – 9, “педагог-модератор” – 14 мұғалім, педагог санатында -19 мұғалім. Сапалық құрам – 38 % құрап отыр.

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы

| Оқу жылы | Жалпы саны | жоғары | 1 санат | 2санат | Педагог-шебер | Педагог-зерттеуші | Педагог-сарапшы | Педагог-модератор | | | | | | |
|-----------|------------|--------|---------|--------|---------------|-------------------|-----------------|-------------------|----|-----|---|-----|----|-----|
| 2023-2024 | 54 | 0 | 0% | 0 | 0% | 0 | % | 0% | 12 | 22% | 9 | 16% | 19 | 35% |

«М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ» КММ-де педагогтер саны – 108, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер – 92, магистр дәрежесі бар педагогтер – 3, арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 13, 16 педагог бала күтіміндегі демалыста.

| Оқу жылы | Педагог кадрлар | Жоғары білімді | Арнаулы орта білімді | Ескерту |
|-----------|-----------------|----------------|----------------------|---------|
| 2023-2024 | 108 | 9 | 13 | |

2.2 Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;

2022-2023 оқу жылы. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) сәйкес әзірленді, педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібін айқындайды. Білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген

| № | Аты-жөні, тегі | Лауазымы | Жалпы еңбек өтілі | Пед. еңбек өтілі | ББҰ басшысының орынбасары лауазымындағы еңбек өтілі (бар болса) | Санаты |
|---|-------------------------------|------------------------|-------------------|------------------|---|--|
| 1 | Издина Сағыныш Мухидуллаевна | Мектеп директоры | 24 | 24 | | «педагог зерттеуші №276. 30.12.2020 Екінші біліктілік санатты басшы 27.12.2021ж №363 |
| 2 | Аманшеева Агила Жумырқожаевна | Оқу ісінің меңгерушісі | 34 | 34 | 7 жыл | «педагог зерттеуші» №369,11.09.2023 ж Екінші біліктілік санатты басшының орынбасары |

| | | | | | | | |
|---|--|--|----|----|-------|--|--|
| | | | | | | | 22.07.2021ж №191 |
| 3 | Абдижалелова Акмарал Жауынбаевна | Оқу ісінің меңгерушісі | 25 | 25 | 4 жыл | | «педагог зерттеуші» №369,11.09.2023 ж |
| 4 | Кусегенова Райгул Урынбаевна | мектеп директорын ың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | 32 | 32 | 2 жыл | | «педагог- сарапшы» №369.11.09.2023 |
| 5 | Жолдыбаева Динара Сабитовна | мектеп директорын ың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | 19 | 19 | 5 жыл | | «педагог- сарапшы» №209. 11.12.2018Ж |

2.3 *кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;*

2023-2024 оқу жылы. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) сәйкес әзірленді, педагогтерді аттестаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібін айқындайды.

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған.

2023-2024 оқу жылында аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растау 2024 жылдың көктемінде өтініш берілген.

«М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ» КММ-де 2023-2024 оқу жылында 26 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірді. Оның ішінде «педагог-зерттеуші санатына» - 10 педагог. «педагог-сарапшы» санатына – 4 педагог, «педагог – модератор» санатына – 12 педагог өтініш берді. Жоғарыда біліктілік санатын алуға өтініш білдірген педагогтердің бірінші кезеңі педагогтің цифрлық профилі –Ұлттық білім беру деректер қоры (бұдан әрі – ҰББДҚ) ақпараттық жүйесіне жүктелген педагогтің электронды деректері қаралды.

2.4 *Кемінде үш жылда бір рет басы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.*

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің

қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылы. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес сұранысқа салынған барлық педагогтер біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.

| Оқу жылы | Барлық педагогтер | Базалық курс | Ескерту |
|---------------|-------------------|--------------|--|
| 2023-2023 о.ж | 108 | 92 | Оның ішінде 6 жас маман, 1 кітапханашы, 5 декреттік демалыста, қалған педагогтер жоспарда тұр. |

Біліктілік арттыру курсынан өту бойынша бастауыш деңгейде 96 %, орта деңгейде 93 % құрап тұр.

2023-2024 оқу жылдарындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша.

| Оқу жылы | Мектеп директоры | Директордың оқу ісі орынбасарлары | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |
|--------------------|--|--|--|
| 2021-2022 оқу жылы | Издина Сағыныш Мухидуллаевна «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» 11.02.2021 ж | Аманшеева Агила Жумыркожаевна «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру ұйымдарының педагогикалық менеджменті 07.08.2020 ж | |
| 2022-2023 оқу жылы | | Аманшеева Агила Жумыркожаевна «Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент» 19.05.2023 ж Абдижалелова Акмарал Жауынбаевна «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім берудегі менеджмент» 20.01.2023 | Кусегенова Райгуль Урынбаевна «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім берудегі менеджмент» 20.01.2023 Жолдыбаева Динара Сабитовна «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім берудегі менеджмент» 20.01.2023 |

3.1 **Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;**
Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер
 Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы бастауыш сыныптарда, негізгі орта білім беру сыныптарында және жалпы орта білім беретін сыныптарында 2023-2024 оқу жылында денсаулығына байланысты дәрігерлік - консультациялық комиссиясының қорытындысы негізінде үйден тегін білім алуға №208 01.09.2023 ж Марғұланқызы Іңкәр 1 класс оқушысы, 01.09.-24.05.24 аралығында, №300 10.10.2023ж Саматов Сағадат 1 класс оқушысы, (10.10.-24.05), №304 23.10.2023ж Нағашыбай Тоғжан 3 класс оқушысы, (23.10.-29.12), №24 22.01.2024ж Мақсотқызы Гүлсезім 9 класс оқушысы, (22.01-24.05), №36 05.02.2024ж Сәндібек Нұрсәт 8 класс оқушысы (06.02-06.03) барлығы 5 білім алушы тіркелген.

3.2 **Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер;**
 2023-2024 оқу жылында барлық класс-комплект саны бастауыш білім беруде – 14, негізгі орта білім беруде – 16, жоғары білім беруде – 4. Барлық класс-комплект -34. Сыныптардың толықтығы төмендегідей:

| Оқу жылы | 1 сынып | | 2 сынып | | 3 сынып | | 4 сынып | |
|-----------|------------------|------------|------------------|------------|------------------|------------|------------------|------------|
| 2023-2024 | Класс - комплект | Оқушы саны | Класс - комплект | Оқушы саны | Класс - комплект | Оқушы саны | Класс - комплект | Оқушы саны |
| | 4 | 83 | 3 | 67 | 4 | 86 | 3 | 65 |
| | 5 сынып | | 6 сынып | | 7 сынып | | 8 сынып | |
| | Класс – комплект | Оқушы саны | Класс –комплект | Оқушы саны | Класс - комплект | Оқушы саны | Класс – комплект | Оқушы саны |
| | 3 | 72 | 4 | 72 | 3 | 66 | 3 | 59 |
| | 9 сынып | | 10 сынып | | 11 сынып | | | |
| | Класс – комплект | Оқушы саны | Класс –комплект | Оқушы саны | Класс – комплект | Оқушы саны | | |
| | 3 | 72 | 2 | 50 | 2 | 54 | | |

3.3 **Білім алушылардың контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер**
2023-2024 оқу жылы 746 оқушы санымен басталды. Жыл бойы келген-14 ,кеткені-7
 1-11 класс аралығынан Жақсылық М 5а-класы (Мәртөк №2 05.09.23ж б№5), Қанышқызы А 10ә-класы (Қонаев қаласы №2 орта мектеп 28.10.23ж б№11), Қанышқызы Ә 9ә-класы, (Қонаев қаласы №2 орта мектеп 28.10.23ж б№11), Құлынтай М 5а-класы (Хромтау ауданы Тасөткел селосы 29.12.23ж б№16), Құлынтай Н 4ә-класы (Хромтау ауданы Тасөткел селосы 29.12.23ж б№16), Тажиманов А 1б – класы (Астана 19.01.24 б№20), Сәлім 3 5а-класы (Ақтөбе Smart-Білім 01.04.24 б№25) барлығы 7 оқушы кетті.
 1-11 класс аралығында келген оқушылар: Саматова Г 3в-кл, (Жамбыл ЖОББМ 11.09.23ж б№8), Сәлім 3 5а-кл, (Жамбыл ЖББОМ 31.10.23ж б№ 12), Құлынтай М 5а-класы (Хромтау ауданы Тасөткел селосы 08.11.23ж б№13), Құлынтай Н 4ә-класы (Хромтау ауданы Тасөткел селосы 08.11.23ж б№13), Жеңісбекұлы Б 7ә-класы,(Ақтөбе Сымбат 13.11.2022ж б№14), Тажиманов А 1б-кл, (Астана 11.12.23ж б№15), Тұрсынбай Б 3а-класы,(Комсомол СШ 08.01.24ж б№17), Бисембай Т 1в-кл, (Ақтөбе Қызылжар ОМ 09.01.24ж б№18), Нұртілеуұлы Д 9б-класы, (Ақтөбе №22 СШ 15.01.24ж б№19), Сұлтанбеков Д 3а-класы, (Алға ауданы №2 Пацаев ОМ 05.02.24ж б№21), Естай Н 1б-кл, (Хромтау №3 ОМ 13.02.24 б№22, Айтыманов Б бә-кл,(Толыбай ЖББОМ 19.02.24ж б№23), Боқан Д (Толыбай ЖББОМ 19.02.24 №23), Бақи Р (Темір ауданы Шұбарқұдық гимназиясы б№24) барлығы - 14 оқушы. Оқу жылының соңында 753 оқушы. Негізгі орта білімді 73 оқушы, жалпы орта білімді 54

оқушы аяқтап, есептен шығарылған

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

4.1 Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

«М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезінде 2023-2024 оқу жылында «М.Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құқықтық актілерді негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары 29.08.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жасалды.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

«ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 1-қосымша; 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы 6-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»; 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы 39-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012ж. № 500 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 16.09.2022 ж. № 399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің барлық пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары;

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми - әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2023жылғы 25сәуірдегі №3 хаттама)

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хаты. 2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге апталық 332 сағат, негізгі орта білім беруге 493,5 сағат, жалпы орта білім беруге 140 сағат, 1-11 сыныптарға барлық апталық жүктеме 965,5 сағат, жылдық жүктеме 32681 сағат беріліп, бекітілген. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2023-2024 оқу жылы оқу мерзімі 34 аптамен, 1 сыныптар- 33 аптамен сабақ кестесі жасалып, бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары қаралған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралап сабақ кестесі құрылған (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы). Сабақ кестесінде 2023-2024 оқу жылында 965,5 сағат апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

| | |
|-----|--|
| | <p>Сабақ кестесін құрған кезде 1 күн және 1 аптаның ішіндегі оқушылардың ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерілген және осы санитариялық қағидаларының 4 қосымшасына сәйкес, қиындық бойынша пәндерді саралау кестесі, жалпы білім беретін оқу жүктемесінің нормалары осы санитариялық қағидалардың 3 қосымшасына сәйкес сақталған. I ауысым сабақ таңғы 8:00-де, II ауысым 14:00- де басталады. Сабақтың ұзақтығы 45 минут. Үзіліс уақыты талапқа сай, (қосымша 2023-2024 оқу жылында сабақ кестесінің көшірмесі берілген).</p> |
| 4.2 | <p>Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;</p> <p>Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған. Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. 2023-2024 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген. Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруді ұйымдастыруда оқу бағдарламасы пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Ұзақ мерзімді жоспарға сыныптар мен тоқсандар бойынша оқыту мақсаттары енгізілген. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген мерзімнің негізгі міндеттері тұжырымдалған. Әр тоқсанның, бөлімнің тақырыптары көрсетілген. Сонымен қатар дағдылар, оқыту мақсаттары, сабақта ұсынылатын іс-әрекет түрлері, оқу ресурстары берілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарындағы сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай. Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары білім-класс толтырылуы сәйкестендіріле отырып қаралды. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.</p> <p>Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен құралған. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламасындағы сәйкес 1-2 сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктілінген пәнінің орнына «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін жеке оқыту жалғасады.</p> <p>Бастауыш білім беру деңгейінің вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 1-сыныпта – 1 сағатты; 2-сыныпта – 2 сағатты; 3-сыныпта – 1 сағатты; 4-сыныпта – 1 сағатты құрайды.</p> <p>1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттары математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамытуға, шахмат ойнаудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге бағытталған.</p> <p>5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсына бөлінді.</p> <p>Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі жалпы орта білім беру деңгейін құрайды: «Жаһандық құзыреттілік» курсы 10 сыныпта-1 сағат; 11 сыныпта-1 сағат. Элективті курсы 10-11 кластарда 2 сағатты құрайды. 2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары 2023 жылғы 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде бекітілді.</p> |
| 4.3 | <p><i>Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;</i></p> |

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Ал, қазіргі уақыт – өзгермелі әлемдегі жасампаз ұрпақтың дәуірі. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Ал ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік пен инабаттылық, мейірімділік пен бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу қасиеттері берік қалыптасқан жасампаз азаматты тәрбиелеу маңызды. Еліміздің өркендеп дамуы үшін халқын сүйетін, мемлекет мүддесін жоғары ұстайтын, білімді де адал ұрпақ тәрбиелеу аса өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда ұстауды қажет етеді. Аталған мәселелерді шешуде тәрбие мазмұнын айқындау білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негіз бола алады.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке, жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

2023-2024 оқу жылында М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-нде 1 қыркүйек Білім күніне арналған білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында сағыныш пен шаттыққа толы **1-қыркүйек - Білім күні мерекесі, «Мектебім-мейірім мекені»** салтанатты жиыны өткізілді. Жиынды аудан әкімінің орынбасары Нажмадинов Нұрбол Болатұлы ашып, құттықтау сөз сөйледі. Мектебіміз биылғы оқу жылын 745 бала, 34 класс комплектісімен бастап отыр. Жаңа оқу жылында 1 класқа 82 бүлдіршін қабылданды.

Салтанатты жиын мемлекеттік туды кіргізу және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізілді.

Мектеп директоры Издина Сағыныш Мухидуллаевна 2023-2024 оқу жылының негізгі ерекшеліктеріне тоқталып, тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылатыны, бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді мақсат екенін атап өтіп, 1 класс бүлдіршіндерін, ата-аналарды, ұстаздар қауымына жылы лебізін білдірді.

Жиын соңында «Мағжандықтар маршы» әні орындалып, класс жетекшілер өз сыныптарымен алғашқы тәрбие сағаттарына кірді.

15 қыркүйек күні "Отбасылар күніне" орай ұйымдастырылған 5-10-кластар арасындағы **"Жеңіл атлетика"** жарысында орынға ие болған қатысушылар марапатталды.

Мектеп Парламентінің қатысушылары арасында челленджер өткізу ұсынылды: **«Алтын жүрек»;** **«Мобильді көзқарас: менің жаздағы бір күнім»;** **«Мектеп парламентінің өмірінен бір күн»** және т.б.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдану – деніміздің сау болуының негізгі кепілі. Осы мақсатта дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 23 қыркүйек күні мұғалімдер арасында Ұстаздар күніне орай волейболдан бірлестіктер бойынша жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа әр бірлестік болып сайысқа түсті. Жарыстың қорытындысы бойынша:

1- орын Жаратылыстану, тарих бірлестігі;

2-орын қазақ тілі бірлестігі;

3- тілдер бірлестігі иеленді. Жарысқа қатысушы ұстаздарымызға арнайы сыйлықтармен, марапат қағаздары табысталды. 22 қыркүйек күні, мектепшілік **“Саналы ұрпақ: Ұлттық құндылық, отбасы мен мектеп ынтымақтастығы”** тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа 1-11 класс оқушыларының ата-аналары мен Әйтеке би ауданы ІІБ полиция майоры

М.Т.Әкентай қатысты. Ішкі мектеп тәртіп ережелері, кәсіптік бағдар беру және еңбекке орналасу, мектеп психологымен “Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы” тақырыбында (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.) тренинг өткізілді. Жиналыс соңында 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша, оқу-тәрбие процесінде бір күн сабақ жібермей, мектеп өмірінің қоғамдық жұмыстарына белсене араласқан оқушылардың ата-аналары марапатталды.

Олар:

1. Сейітахметов С.
2. Жолмағамбетов А.А.
3. Бактыбаев Н.К.
4. Уташев И.Ж.
5. Баймуратова А.К.
6. Нағметов Н.
7. Сарсенбаев А.Ж.
8. Толепов А.Б.
9. Қайырбек А.Б.
10. Жанапаев Н.Е.
11. Абетов К.А.
12. Ермаханов Қ.Д.
13. Абылаев А.К.
14. Камалдинова А.С.
15. Нақыпбеков Б.Т.
16. Исатаев А.Б.
17. Абдибалиева Б.Е.
18. Идиресов А.Н.
19. Мамеков Е.Р.
20. Өмірзақов С.М.
21. Куцанов Е.С.
22. Матаев Т.К.

1-11 кластар бойынша ата-аналар қатысымы төмендегідей:

1. 1а класы - Мырзагулова Р.Б.- 33,3%-7
2. 1ә класы - Махамбетова А.А. - 50%-10
3. 1б класы - Құлшорина Н.Е.- 50%-10
4. 1в класы – Өтеген Г.Н. - 43%-9
5. 2а класы - Абшукирова Қ.Ж. - 39,1%-9
6. 2ә класы - Қабдылдина А.Ж. - 39,1%-9
7. 2б класы - Макидина М.А.- 22,7% -5
8. 3а класы - Еспенбетова Ғ.Л. - 39,1% - 9
9. 3ә класы - Сұлтанова Ж.К. – 43,4% 10
10. 3б класы - Базарбаева Г.Б. – 70% -14
11. 3в класы - Сұлтанова А.С. – 58 % - 11
12. 4а класы - Қибасова А.Д. – 37,5% - 9
13. 4ә класы - Төрежанова А.К. – 35% - 7
14. 4б класы - Шалжанова Ш.Н. – 33,3% -7
15. 5а класы- Тулеген А. – 34% - 8
16. 5ә класы - Киікбаева А.К. – 32% -8
17. 5б класы - Шағалова А.О. – 36% -9
18. 6а класы - Алмағамбетова А.О.-74% - 14
19. 6ә класы. – Жұрамбаева И.Х.-41,1% - 7
20. 6 б класы - Жұмабаева З.К – 36,8%- 7
21. 6в класы - Махамбетова К.А.- 35,2% - 6
22. 7а класы – Тагаева А.Н. -27,2% - 6
23. 7ә класы- Абеннова Л.К. – 45,8% - 11

24. 7б класы -Идиресова Ж.О.- 28,5% - 6
25. 8а класы- Жонысова Э.- 40 % - 8
26. 8ә класы -Жақсылық А. – 40% - 8
27. 8б класы -Алмат А.О. – 31,5% - 6
28. 9а класы -Нұрқалық З.Қ. - 33,3% -8
29. 9ә класы- Муфтакова К.Р.- 50% - 12
30. 9б класы- Ыбырай С. – 25% - 6
31. 10а класы –Жакупова Н.А. – 48% - 11
32. 10ә класы -Рспамбетова К.Т. – 16% - 4
33. 11а класы -Қонысбаева Б.Т. – 66,6% - 14
34. 11ә класы –Ибраймова С.- 66,6% 18

Тілдер мерекесіне байланысты Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығынан «Додекаэдр» әдісімен үзіліс уақытында оқушылардан мақал-мәтел, жаңылтпаштар, сұрақ-жауаптар қойылып, сыйлықтар таратылды.

Қазіргі психологияның ішінде дамып келе жатқан тағы бір әдіс визуализация деп аталады. Әлемнің кез-келген психологы қолдап жүрген әдісті мектеп психологтары армандар картасын жоғары деңгейде өткізді.

28 қыркүйек 9-10 кластар арасында Еңбек күніне сенбілік өткізіліп, мектеп ауласына тазарту жұмыстары жүргізілді. Қарттар күніне **«Құрметтеймін,қартымды»** мерекелік кеш өтіп, **Қайырымды істер марафоны»** акциясына байланысты, еріктілер қайырымдылық көмек қолын созып, ардагерлер мен зейнеткерлер үйіне барды. Қазан айында қыздар тәрбиесінің дәстүрлі құндылықтарымен сабақтастығы, қыз баланың әдептіліктің, әдеміліктің, инабаттылық пен сұлулықтың жаршысы, қыз баланы құрметтеп, қастерлей білуге тәрбиелеу мақсатында **«Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі»** тақырыбында 8-9-10-11 класс қыз балаларына арналған жиналыс өткізілді.Жиналысқа Әйтеке би аудандық аурухананың акушер-гинекологы Ибашева Мадина Арипхановна, ЗОЖ дәрігері, жас маман Айдана Нурболатқызы қыз балалар гигиенасы мен ерте жүктіліктің салдары туралы толық ақпарат берді.Мектеп психологы Абишова Р.С. мен Қалиоллақызы К тренинг жаттығу ұйымдастырып, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жолдыбаева Д.С. қыз балаларға сауалнамалар таратты.

Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін арттыру мақсатында Ұстаздар мерекесіне орай Дублер күні 10-11 сынып белсенділерімен ұйымдастырылды.

27 қазан кітапхана шарасы 3 кластармен, Аманат партиясының ұйымдастыруымен спорттық отбасылар сайыс, мектеп парламентінің сайлауы өтті.

Жыл сайын 20 қараша күні барша әлем Дүниежүзілік балалар күнін атап өтеді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда 15 халықаралық құжат ратификацияланды және олардың алғашқысы Бала құқықтары туралы Конвенция болды. «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты апталықтың жоспарына сәйкес, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында рейдтер, **«Бала құқығы –асыл қазына»** тақырыбында эссе жазу ұйымдастырылды. Әйтеке би ст.ЖПБ-нің қызмет атқару учаскесінде өткізіліп жатқан «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу іс-шарасына полиция бөлімшелерінің қызметкерлері ақпараттар берді.

3 қараша күні, **«Біртұтас тәрбие-құндылықтар жүйесі»** тақырыбында бірыңғай жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.”Біртұтас тәрбие Бағдарламасы» ” туралы, “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары” “Даналық мектебі” туралы айтылды. Ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға қабілетті білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуді көздейді. Бала тәрбиесіне қатысты проблемалардың туындауы, интернеттің ашықтығы, кез келген ақпараттың жылдам таралуы, бала қарайтын видео контенттердің фильтрлерден өткізілмеуі, ата-аналардың жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы үйлесімділік пен тепе-теңдікті сақтамауы бала тәрбиесіндегі жүгенсіздіктің орын алуына ықпал етті. Осындай сын-қатерлерді түбірімен жою мүмкін емес, дегенмен оған тосқауыл болу қажет екенін тағы да атап өтті.

Ұлттық валюта күніне орай мектеп парламенті лездемеде көрініс көрсетіп, оқушыларға ұлттық валюта жөнінде сұрақтар қойды.

М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-де 13.11. - 17.11.2023. аралығында орыс тілі мен әдебиеті пәндер бірлестігінің апталығы басталды.

Апталықтың ашылуында оқушылар орыс тілі мен әдебиет пәніне байланысты орыс жазушыларының өлең-жырларын оқып, ерекше көрік берген фотоалаңда оқушылар өз өнерлерін көрсетті.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес, 15 қарашада облыс педагогтарының озық тәжірибесін тарату мақсатында орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Аманшеева Агила Жұмыргожаевнаның іс-тәжірибесі таратылды. Семинар шебер-кластан басталып, бағдарлама бойынша сыныптан тыс "Два голоса одной эпохи" тақырыбында мағыналы, тәрбиелік мәні зор, жоғары шығармашылық шеберлікпен ұйымдастырылған 11а класымен шара өткізілді. Облыстық әдістемелік орталығының бөлім басшысы Наренова А.М, Хромтау қаласынан білікті ұстаздар, аудан мектебінен орыс тілі пәні мұғалімдері қатысып көтеріңкі көңіл-күйде, өз қоржындарына жаңашыл әдіс-тәсілдерді ала кетті.

17 қараша күні, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, 9-10-11 кластарының ер балалары мен олардың әкелерімен бірлескен жиналыс өткізілді. **"Ұл ұлағаты - әкеден"** (ер бала тәрбиесі, тәртіп, құқықбұзушылық) «Даналық» мектебі "Әкелер клубының" төрағасы Рампеилов С.А. сөз сөйледі. 3. «Құқықбұзушылық, қылмыс және жасөспірім» тақырыбында Әйтеке би ауданы полиция бөлімі жергілікті полиция қызмет бөлімшесінің бастығы полиция майоры Темірбекұлы Ә. ПБ ЖПҚБ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция аға лейтенанты Еңсепбаев Ж.М. түсіндірме жұмысын жүргізді.

"Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында, **"Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан"** тақырыбында оқушыларға зорлық-зомбылықтың салдарын түсіндіре отырып, сауалнама алынды.

Жыл сайын, 1 желтоқсанда, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) шешімі мен 1988 жылы қабылданған БҰҰ Бас Ассамблеясының шешіміне сәйкес – ЖИТС – қа қарсы Халықаралық күрес күні. (АИВ/ЖИТС) — адамның иммунитетшілік вирусы қоздырған инфекцияның организмге әсерінен дамиды деген жағдай. 1983 жылы ғалым, вирусолог Л.Монтанье зерттеу жүргізіп, тапқан.

1 желтоқсан – СПИД-ке қарсы Халықаралық күрес күніне лездемеде ақпарат беріліп, тәрбие сағаттары өткізілді.

Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде 13.12.2023 күні "Тоғыз айға тоғыз іс -шара" жобасы аясында 8-11 класс оқушылар арасында «Шығарма жазу: болашаққа хат» ЧЕЛЛЕНДЖІ ұйымдастырылды. Челленджде жазуға ұсынылатын шығарманы хат жазу түрінде жазуға ұсынылды. Сонымен қатар **«Тәуелсіз Қазақстандағы менің жетістігім», «Менің болашағым», «Еліммен бірге болашаққа апарар жол»** т.б. ел тәуелсіздігі күні қарсаңындағы әр білім алушының ел тағдырымен өз болашағы арасындағы сабақтастық туралы ойлануына негіз болатын тақырыптар ұсынылды. 1-11 кластар арасында «Күзгі бал» апталығы өткізілді.

Жезқазған қаласында өткен 2006-2007 жылғы оқушылар арасындағы жарыстан Бақтияров Данияр «Азия» кубогінен 3- орын алды.

Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы мектеп оқушыларының қысқы демалыс кезінде облысымыздың мектептерінде "Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз" тақырыбындағы іс-шаралар ұсынылды.

«ҒАЖАЙЫП ЖАҢА ЖЫЛ-2024» атты мерекелік жаңа жылды қарсы алу үшін байқаулар ұйымдастырылды.

«Үздік Аяз Ата мен Ақшақар-2024» сайысында қазақша жыл санауға сәйкес, тышқан жылы және «Аяз Ата мен Ақшақар шеруі» көшені бойлай ұжымдағы жыл жануарлары қоштап, шерумен жүріп өтті.

«Үздік Шырша-2024» атты сайысында ауданның барлық мекемелері өз аула-алаңдарында шырша құрып, безендірілді. Безендіру идеясына шектеу қойылмады. Мектебіміз I орынды иеленді.

«Үздік жаңа жылдық мүсін-2024» атты сайысында мектеп алаңында жаңа жылдық ертегі кейіпкерлерінің мүсіні жасалып, қорытындысында III орынға ие болды.

«Толағай» -көңілді эстафеталық отбасылық спорттық ойыны өткізілді. (1-4 сынып)

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес 1-4 сынып ата-аналары **«Әрбір бала-жарық жұлдыз» «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер!»** Бала жүрегіне жол табу» 10-11 сынып ата-аналарына **«Сен жанбасаң лапылдап..»** тақырыбында **«Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады ?»** тақырыптарында жиналыстар өткізілді.

Жастардың құқықтық мәдениетін арттыру және қоғамда этика мен мәдени іс-әрекет ережелерін сақтау дағдылары, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Әйтеке би ауданы Полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Сулейменов Ербол Бақиұлы мен кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция аға лейтенанты Еңсепбаев Жеңіс Маратұлының қатысуымен 9-11 класс оқушыларына **«Қылмыстық құқық бұзушылық және құқық бұзушылықтың алдын алу»** тақырыбында жиналыс өткізді. Жиналыс барысында есірткі, нашақорлық, электрондық темекінің (вейп) зияны, кәмелет жасына толмаған жасөспірімдердің кафе-ресторандарда қызмет көрсетуі, түнгі уақытта жүрмеуі, кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер алкоголь және табак өнімдерін сатып алуы тағы басқа туралы маңызды мәселелерге тоқталып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Ақтөбе қаласында өткізілген Кеңес Одағының батыры, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі, Халық қаһарманы, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовты еске алу мақсатында облыстық білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің 9-11 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған Ұлттық мектеп лигасы "Волейбол" қыз балалар жарысында жүлделі II орынға ие болды. Дүйсенбілік лездемеде аудандық білім бөлімінің басшысы С.Биртаева қыз балаларды құттықтап, арнайы кубоктарымен медальдарын табыс етті. Жаттықтырушысы Бейімбет Ф.

Дәстүрлі емес діннің түрлі ағымдарынан сақтандыру, ұлттық діни бірлестікті сақтауда оқушылардың сауаттылығын арттыру мақсатында тарих пәнінің мұғалімі Ержанов Б.М 11 класс оқушылары арасында «Діни ағымның қоғамға кері әсері» тақырыбында танымдық сағат өткізді.

Тәрбие сағаты барысында ұлтымыздың салт-дәстүріне қарама-қарсы қайшы пікірлер айтылып жүргені, теріс жолды насихаттаушылардың көбейгені, тарих пәнінің мұғалімі Нұржанова Р.Қ. теріс бағыттағы діни ағымдардың мақсаты басқа діндерге нұқсан келтіру, адам ойына үстемдік жүргізу, мемлекеттің, отбасының бірлігін, тыныштығын бұзу екендігі туралы айтып өтті. Сабак барысында «Есігімді қаққан кім?» атты кинофильм көрсетілді. Оқушылар әртүрлі сұрақтар қойып, дәстүрлі емес діннің түрлі ағымдарынан сақтану туралы көптеген мағлұмат алды.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 25 қаңтардағы №01-03/282 хатына сәйкес, білім саласы бойынша алаяқтарға қарсы бірқатар шаралар қабылданған. Алаяқтықтардың басым бөлігі онлайн-несие рәсімдеу, «O!x .kz», «Krisha.kz» сайттары мен онлайн дүкендері арқылы сатып алу жасау, оқуға түсіріп беру немесе біліктілік туралы сертификат алып беру және т.б. тәсілдер арқылы жасалынады. Осыған байланысты ZOOM арқылы онлайн форматта **«Балалар қауіпсіздігі және алаяқтықтан сақтану туралы»** мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

Бүгін менің туған күнім.

Ой, бәле-ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?!- деп жырлап өткен М.Мақатаевтың туған күніне орай, ақынның өлең жырлары арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелеп, поэзия әлемінің сырын ашуда поэзия кеші және тәрбие сағаттары өтті.

Оқушылардың танымдық қабілетін арттырып, интеллектуалды, өнерлі де жігерлі, шығармашыл, еркін ойлай алатын жеке тұлға етіп тәрбиелеу мақсатында **“Бастауыш - білімнің алтын қазығы”** тақырыбындағы бастауыш бірлестігінің апталығы аясында **“AQYL BATTLE”** интеллектуалдық сайысы өтті.

Жас ұрпақты тәрбиелеудегі ерен еңбегі, әріптестеріне, еліне, ұлтының кемелденуіне өз үлесін қосқан кәсіби шеберлікті шыңдауда ойы мен сөзі бір жерден шығып және ісінен айқын көрініп тұратын аяулы ана, сүйікті ұстаз, білікті басшы, әулетінің жанашыры, 1998 жылы Алматы қаласында білім беру саласының қызметкерлеріне арналған I съездіне делегат болып қатысқан, Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін **«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҮЗДІГІ»** белгісімен марапатталған, ел азаматы Раушангүл Смагуловнаның еңбек жолын дәріптеу мақсатында **«Еңбегін еліне арнаған»** атты «Дара жол» бағдарламасы өтті.

Бағдарламаға Әйтеке би аудандық білім бөлімінің басшысы С.Б.Биртаева; аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Бекетов З.Ө; Т.Жүргенов атындағы ЖББОМ-нің директоры Еспанова Л.Х. ұжымымен; аудандық ардагерлер алқасының төрағасы, зейнеткер-ұстаз Касымбекова С; Комсомол жалпы орта білім беретін мектебінен Баймурзина З.Б; Әйтеке би көпсалалы колледжінің директоры әріптестерімен, «Т.Жүргенов ауылдық округі әкімінің аппарат» ММ-нің әкімі Абилов С. Қ.

әріптестерімен; еңбек жолын бірге бастаған құрбысы,әріптесі Белоусова Л.В; жеңгесі осы мектепте жұмыс жасаған, зейнеткер-ұстаз, жеңгесі Жұмашева Г.А. және шәкірттері келді.

Өмірде әркімнің өз жолы бар, алайда оны дара ету әркімнің өз қолында. Бағдарлама өте жоғары деңгейде өтіп, есте қаларлықтай болды.

15 ақпан - Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні - ауғандық ардагерлермен кездесу Ауған асуында от кешкендер» тәрбие сағаттары, бейнероликтер көрсетілді.

- "Алғыс күні" ұғымының мағынасын ашып, мәдени құндылықтар мен адами қарым - қатынасын қалыптастырып ,ата - анаға,ұстаздарға,барлық жандарға өз алғысын білдіру мақсатында **«Алғыс айту – адамның адамгершілік ниетінің бастауы»** алғыс айту күніне іс-шаралар өткізілді.

5-11 класс оқушыларының барлық ер балалары мен әкелеріне,аталарына арналған **«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбындағы дөңгелек үстел** тақырыбында әкелер,аталар жиналысы өтті.

Мақсаты: Бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау.Жиналысқа Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермағанбетов А, Измуратов Ғ, аудандық оғу-ағарту саласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Касымбекова С,аудандық қамқоршылық кеңесінің хатшысы Аманғосова Г, ардагерлер кеңесінің мүшесі Махамбетов Жанайдар ағайлар келіп келешек ұрпаққа озық салт- дәстүрлер туралы түсіндіріп,ұлттың рухани құндылықтарды тәрбиенің негізгі өзегіне айналдыру керек екеніне тоқталды.

«Аналар клубының» төрайымы Султанова Ж.К. **«Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет»** тақырыбында, батаның – қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық дәстүрлерінің бірі, оның адамға әсері,батаның әрбір сөзіне шүбәсіз сенетіндігі туралы айтып ,өнегелі сағат өткізді.

Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында білім бөлімінің басшысы Сәулеш Бакытжановна мен аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Зейнел Утеуұлы мектепке келіп ұстаз аналар мен қыздарымызды құттықтап, ыстық лебіздерін білдірді.

Қыз бұрымы қашан да сұлулықтың симфолы, қыз баланың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру арқылы әсемдікке, инабаттылыққа тәрбиелеу мақсатында **«Бұрымды бойжеткен»** байқауы өтіп, қорытындысында:

I орын Хамитова Жанель –«Өнерлі қыз» номинациясы,8 а класс оқушысы

II орын Бақытова Аида – «Дана қыз» номинациясы

III орын Сағындыққызы Әсел – «Ізетті қыз» номинациясына ие болды.

14 наурыз - «Даналық мектебінің» аяулы әжелері мен ардақты аналары келіп, қыстан аман - есен шыққанына қуанып, қазақтың салт-дәстүрін насихаттап, бір - бірімен қол алысып, көрісіп, мектеп ұжымына керемет көңіл-күй сыйлады.Мектеп директоры С.М.Издина барлық ұжымды,әжелер мен аналарды, оқушыларды құттықтап, шын ықыласын білдіріп алғыс айтты.

Көрісу рәсімінен кейін **«Ырым-тыйым – әдептілік негізі»** тақырыбында өнеге сағатына жалғасты. Мақсаты: халқымыздағы әдептілікке бастау болған ырымдар мен тыйымдардың мәнін ашып, әжелерге берілетін білім арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау.

Көрісу күнімен жалғасқан өнеге сағатына осындай асыл әжелеріміз бен аналарымыз ортақ тақырыпта әңгімелесіп, ғибратты сөздерімен бөліскені үшін алғысымызды білдіреміз.

Аудандық кәсіподақ ұйымының жастар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен **«Ұлттық күн-жаңғырған салт»** атты байқауда мектеп ұжымы **«Қымызмұрындық» «Аунату»** салт-дәстүрін көрсетіп I орынға ие болды.

Наурыз мейрамын тойлаудың жаңартылған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, «Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры Қазақстанның барлық өңірлерінде «Жаздық жолдама 2024»-қайырымдылық жобасын бастап отыр.«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Келемұлының тікелей тапсырмасымен 2022 жылдың қаңтар айында құрылды. Екі жылда еліміздің барлық өңірлерінде денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау, білім беру және спорт салаларында 80-нен астам қайырымдылық бағдарламалар мен жобаларды іске асырды.Осыған байланысты, М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-де қайырымдылық күніне **«Қайырымдылық – тәрбиенің бастауы»** тақырыбында мерекелік шара өткізілді.

Облысқа 1147 жолдама, ауданға 108 жолдама тиесілі.Бөліске түскен жолдама сертификатын

табыстауға Әйтеке би ауданы білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Омарова Г.Ж. табыстап, білім бөлімінің әдіскері Шамшиева Л.И. жобалардың ішінде «Жаздық жолдама» жобасы ерекше екенін атап өтіп, 8 (сегіз) балаға сертификат табыстады.

«НАУРЫЗНАМА» тұжырымдамасының аудандық күнтізбесіндегі 16 наурыз - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай аудандық мәдениет үйінде «Салты солай Наурыздың» атты отбасылармен сұхбат кеші өтті.

Тағылымды сұхбат кешінде мектебіміздің Қарабалаевтар отбасы, Қабдылдиндер отбасы қатысып, өмірдің ыстық-суығына бірге төзген жолдасымен, қандай күндер де бір-біріне сүйеу болып өткізген шақтарды әсерлеп баяндап, үлгілі отбасының көрінісі, кейінгі ұрпаққа сабақ болары сөзсіз.

Наурызды мерекелеу аясында жыл сайын республиканың барлық білім беру ұйымдарында 10-20 наурыз аралығында түрлі іс-шаралар өткізіледі, оның ішінде барлық мектептерде «Төрт тоқсан-төрт өнер» «Тоғыз айға-тоғыз іс-шара» жобалары бойынша Құрманғазының «Балбырауын», «Адай», «Сарыарқа» және т.б. күйлері бір уақытта орындалды. «Мектеп Парламентінің қатысушылары арасында челленджер өткізу ұсынылды: 10-20 наурыз аралығында түрлі іс-шаралар өткізіледі, оның ішінде барлық мектептерде Наурыз айының 15 күні аудандық көпсалалы колледжде «**Бозбала мен Бойжеткен**» атты шарасы өтті. Мектебіміздің 10 "А" сынып оқушылары Серікқызы Ақбота, Бақыт Нұрасыл қатысты. Шара барысында өз өнерлері, салт-дәстүрге байланысты сұрақтар қойылып, салт-дәстүрлердің мән – мағынасын түсіндіріп қазіргі заманда қолданылуы туралы айтып өтті. Шара соңында оқушылар алғыс хатпен марапатталды.

«**Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар**» 4 сыныптар арасында бәйге сайысы, «**Біз темекі шегуге қарсымыз**» Дүниежүзілік темекі шегуден бас тарту акциясы ұйымдастырылды.

«**Адалдық және адамдық**» тақырыбында 2ә класс жетекшісінің Макидина Маншук Амановна ұйымдастыруымен тәрбие сағаты өтеді. Мақсаты: “Сыбайлас -жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары туралы түсінік беру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Көктемгі су тасқынына байланысты, табиғат апатынан зардап шеккен үйлерге ,ұжым болып көмек қолын созды.

Наурыз айында 2023-2024 оқу жылындағы ІІІ тоқсан бойынша білім сапасының қорытындысы, «Қазақ тілі мен «Қазақ әдебиеті» пәндерінен 5,6,7,8,10 кластарда аралық аттестаттау туралы ақпарат. 9,11 кластарды қорытынды аттестациялаудан өткізу, 2018,2019 жылдары ұлттық біліктілік тестілеуден өткен,санатын алған педагогтердің санатын қорғау немесе растау және 2024 жылы біліктілік санатына өтетін педагогтер туралы. Жаңа аттестация ережелері, «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығына сәйкес мектеп формасы,ІІІ тоқсан бойынша бракеражды комиссияның жұмыстары туралы педагогикалық кеңес өткізілді.

Мектебімізде "Еңбегі адал жас өрен" жобасы, "Ұлттық мүдде" құндылығы бойынша "Туған өлкем көркейтуге міндеттімін мен сені" акциясымен мектеп аумағын тазарту жұмыстары жүргізілді.

Мектебіміздің айналасына тазалық пен әсемдік орнатуға атсалысқан 76 ,8а,ә,б кластарына ,жетекшілері: Идирисова Ж.Н Алмат А.О., Жақсылық Ә, Өтеген Г айлық акциясын жалғастырып, зейнеткер қариялардың үйіне көмек берді.

«Сапалы білім-сенімді болашақ кепілі», «Ш.Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары аграрлық-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынынан арнайы пән оқытушылары: Бимагамбетов Асқар Жумаханович пен Әбдіқалықов Аян Аманқосұлы түрлі мамандықтар бойынша күндізгі (ақысыз негізінде) және сырттай (ақылы негізінде) оқуға 9,11 класс оқушыларына кәсіби бағдар жұмысын жүргізді.

Қазақстанды кітап оқитын елге айналдырамыз «**АУЫЛҒА КІТАРАЛ**» жобасы аясында мектебімізге, ауыл жанашырларының, еріктілердің қолдауымен сатып алынған «**Мектеп оқушылары оқуы тиіс**» қазақ тіліндегі заманауи 50 кітапты ұсынып. Назарбекұлы Серікбол кітап оқудың 7 пайдасын айтып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша жыл бойы сабақ жібермеген, тәртібі мен үлгерімі жақсы, белсенді оқушылардың ата-аналарын марапатқа ұсынылды.

13 мамыр күні, М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-де «**Ата-ананың оқу-тәрбие үрдісіндегі**

мақсаты мен жауапкершілігі» тақырыбында, мектеп формасы, құқық бұзушылықтың алдын алу, кәсіптік бағдар жөнінде жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналысқа 149 ата-ана, класс жетекшілер қатысты. 31 мамыр – Репрессия құрбандарын еске алу күніне жас мамандар Мағжанның жыр-шумақтарын оқып, гүл шоқтарын қойды.

«**Жеткіншектің жеті жарғысы»** жобасы негізінде халқымыздың дана ақыны, ғұлама ойшылы, сазгер А.Құнанбаевтың өлеңдері мен әндерінің таралуын насихаттау мақсатында «**Бес нәрсеге асық бол**» - тақырыбында 6-7 сынып оқушылары арасында онлайн челлендж байқауы өткізілді.

Осындағы «Адам болу, оған тезірек жетуге, асығуға ұмтылатын бес нәрсе не?» деген сұраққа Абай «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, Бес асыл іс, көнсеңіз...» деп, кесімді тұжырымды жауап берді.

Ақын жастарға өнер үйренетін кітаптарды оқуға, бірақ мұратты кітап бетінен емес, өмірден ізденуге кеңес береді.

6-7 сынып оқушыларына «**Өнегелі өмір»** тақырыбында эссе байқауын өткізді. Мақсаты: Өз ой-пікірін ашық, еркін жеткізе білуге баулу, сауатты жазуды меңгерту. Адамгершілік – адамды түрлендіретін, топырағынан ерекшелейтін адам бойындағы ең маңызды қасиеттердің бірі. Өнегелі адам адамгершілік, ізгілік, сүйіспеншілік, әдептілік – ең басты адами құндылықтардың не екенін жақсы түсінеді. Адамгершілік туа біткен қасиет емес, адам бойында қалыптасқан қасиет екенін түсіну керек.

18.01.24 күні. Б.Ержанов пен А.Алматтың ұйымдастыруымен «**Қалдықтарды табыса айналдырайық!**» тақырыбында 6-7 сыныбының қыз балалары қалдық материалдарды сұрыптап, қолөнер бұйымдарын жасады.

Мақсаты: Оқушыларды қазақтық қолданбалы қолөнер бұйымдарының түрлері мен қолданылатын материалдары және орындау техникасы туралы түсініктерін қалыптастыру.

Қолданбалы өнер – дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын жасайтын ұсақ өндіріс. Қолөнершілер негізінен табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен көркем композицияның шешімімен тұрмысқа қажетті мүліктер, музыкалық аспаптар, қару-жарақ, құрал-саймандар жасайды.

Әрбір қолөнер туындысы өз заманының материалдық мәдениетінің үлгісі және халық талғамының, әлеуметтік қоғамдық жағдайының, діни сенімінің, салт-дәстүрінің нақтылы көрінісі болып табылады.

Мектебіміздің 1 сынып оқушылары «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Жолда жүру ережесін сақтайық!» атты жас жол инспекторларының қойылымын тамашалады.

Мақсаты: Білім алушыларды жолда жүру белгілерімен таныстыра отырып, күнделікті өмірде жолда жүру ережесін сақтап жүруге дағдыландыру. Ұқыптылыққа, жауапкершілікке, Жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу; Оқушылардың ой — өрісін, сана — сезімін, өзін — өзі ұстауын, көшеде дұрыс жүріп тұруын дамыту.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық пен мемлекетшілдікке ерте тәрбиелеу мақсатында

12.02.24 күні «10 «Б» сыныбында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасын талқылау өтті. Бұл жоба барлығында үлкен қызығушылық тудырды, өйткені қазіргі уақытта жастар көптеген қиындықтар мен қиындықтарға тап болады және осы жарғыларды білу бізге жақсы бағдарлауға және маңызды шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Оқушылар жобаның барлық тармақтарын талқылады, олардың әрқайсысы бойынша өз тәжірибелерімен және пікірлерімен бөлісті, жастардың заманауи қиындықтары мен күшті жақтарын жақсы түсінді және жоба оқушыларға саналы және табысты тұлға болуға көмектеседі деген қорытындыға келді.

«**Ұшқыр ой алаңы»** жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылды. Мектепте "Зияткер" дебат клубы құрылып, аудандық, облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Жетекшілері Жолдыбаева Д.С, Қасымханқызы А. Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2023-2024 оқу жылында "Зияткер" дебат клубының мүшелерімен БП «Қазіргі заманғы жастарға патриоттық сезім тән емес деп санайды», Білім алушылар БП «Қашықтықтан оқу жүйесінің зиянынан пайдасы көбірек деп есептейді» тақырыбында пікірсайыс мектепшілік пікірсайыс өткізілді. «Зияткер» дебат клубының кіші буын мүшелерінің кезекті отырысы болып, «БП қазақ жастары шет елге еліктейді д.е.» тақырыбында дебат ойыны өткізілді.

Клуб президенті Амангелдіқызы А, координатор Жанұзақ Гулжанат. «Мемлекеттік рәміздер - ұлттың

мақтанышы», «Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ», «Б.П. Ғаламтор кітапты алмастыра алмайды», «Б.П. Экологияны жақсартудың тиімді жолдары» Мамандық таңдау: ақша немесе жан азығы үшін бе? тақырыптарында мектепшілік дебат ойындарын өткізді. Дебат клубының жастар жоғарғы буын мүшелерінің ұйымдастыруымен «Американдық парламенттік формат туралы түсінік» тақырыбында 8-7-6 сынып пікірсайысшыларына арналған мектепшілік семинар-тренинг, «БП әлем алдында қазақстандық деп мақтанатын брендті көрсетеді», «Құқығым бар» тақырыптарында мектепшілік дебат ойындары өткізілді. «Мейірімділік әлемді құтқарады» тақырыбында дебат мүшелері қайырымдылық акциясын өткізді. Жалпы білім беретін мектептердің жас буын пікірсайысшы оқушылары арасында «Достық, Бірлік, Татулық» атты пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңіне «Зияткер» дебат клубының «Ай жарығы» фракциясы Жанұзақ Гулжанат, Амангелді Алтын қатысып «Алғыс хатпен» марапатталды. Өйтеке би аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «DOSTYQ CUP-1» аудандық мектеп аралық дебат турнирінде Қонысбаева Назгул, Серік Жансая «Алғыс хатпен», Амангелді Алтын, Жанұзақ Гулжанат III дәрежелі дипломмен марапатталды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы, «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-де «Зияткер» дебат клубының ұйымдастыруымен «БП Жемқорлықты жеңу біздің қолымызда д.е.» және «Достың да-досы бар» атты дебат өткізілді. Пікірталас әділқазысы болып, клуб жетекшілері тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.С.Жолдыбаева және А.Қасымханқызы төрешілік етті. Ойын өте әсерлі және қызықты болды. Ойынға «Зияткер», «Ұшқын», «Кемел», «Болашақ» фракциялары қатысты. Алынған қарар: 1) БП. Жемқорлықты жеңу біздің қолымызда д.е; 2) БП. Қазіргі заман жастары досқа адал д.е; 3) БП. Достық еш нәрсемен бағаланбайтын құндылықтың бірі тақырыптарында пікірталас ұйымдастырылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасы көркем әдебиеттермен толыққан, отбасылық оқу насихатталып, ата-аналар кітап оқу жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шараларға тартылған. Қорға түскен жаңа әдебиеттермен «Жаңа кітаптар әлемі» тақырыбында көрме қойылып, таныстырылым жасалып, Республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында оқуға ұсынылған. 2-сәуір Халықаралық балалар кітап күніне орай 2 класс оқушыларының қатысуымен «Ертегілер әлемі» атты шара өткізіліп, аудандық «Көп білгім келеді» оқырмандар сайысына 7а класс оқушысы Баспақова А. 8а класс оқушысы Әбдірахманова Айша-Бибі қатысты. «Адамды адам еткен кітап, адамзат еткен – кітапхана» тақырыбында 7 а класы кітапхана, аудандық білім бөлімі, мәдениет бөлімінің қызметкерлерін шақырып кең көлемде танымдық кеш өткізілді. «Кітап- алтын қазына» тақырыбында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылса, 8-11 кластар арасында эссе жазылды. Аудандық білім бөлімінің тапсырмасы бойынша, қысқы қаникул уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Қыста кітап оқимын» іс-шарасы өткізілді. 23 сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай «Қазақ халқының үш бәйтерегі» тақырыбында өткізілген әдеби кеште үш бәйтерегіміздің бірі, жазушы Бейімбет Майлиннің «Күлпаш» әңгімесі бойынша көрініс қойылды. Көріністі мектебіміздің 8 класс оқушылары сахналады. Аудандық кітапханамен бірлесе отырып, 6 а класс оқушыларының қатысуымен «Ымырттағы кітапхана» шарасы өткізілді. Мектеп холдарында үлкен үзілістерде кітап оқуды ұйымдастыру үшін «Буккроссинг» бұрыштары бар, 1-8 класс аралығында аптасына 2 рет 10 минуттық оқу сағаты (тыныш оқу, мәнерлеп оқу, дыбыстап оқу) сағаты өткізіліп тұрады. 2023-2024 оқу жылында «Кітап оқып, биікке самға!» мектепшілік кітап оқу байқауы жыл бойы өткізіліп, үздік оқырман білім алушылар төс белгісімен, үздік оқырман класс, үздік оқырман ата-аналар Алғыс хаттармен марапатталды. «Үздік оқырман класс-2024» байқауында 4 «А» класы жеңімпаз атанса, «Үздік оқырман» байқауы бойынша 4 «Ә» класының оқушысы Серік Амина жеңімпаз болып танылды. «Бір кітаптың ізімен» оқылған кітап мазмұны бойынша ата-аналар, білім алушылар сахналық қойылымдар қойды. Қазақстанды кітап оқитын елге айналдырамыз "АУЫЛҒА КІТАП" жобасы аясында мектебімізге, Назарбекұлы Серікболдыдың бастауымен ауыл жанашырларының, еріктілердің қолдауымен сатып алынған «Мектеп оқушылары оқуы тиіс» қазақ тіліндегі заманауи 50 кітапты ұсынып, кітап оқудың 7 пайдасын айтып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен оқыған кітапты сен де оқы!» марафоны өткізілді. Мақсаты: оқушылардың кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, оқу белсенділігін арттыру. Мектеп кітапханасы ҚР ОАМ әзірлеген «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында челлендж ұйымдастырды. Челлендж мақсаты: білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді

кітап оқуға тарту. Челленджге ұсынылған кітап Қасым Қайсенов «Жау тылындағы бала». Кітап оқу өз кезегінде білім алушылардың кітап оқу белсенділігін арттыруға және оқу мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Көркем әдеби-шығармаларды оқу негізінде білім алушылардың рухани дүниесі байиды, ой-өрісі мен дүниетанымы кеңейеді. Мектеп кітапханашысы А.Қозбағарова шараны ұйымдастырып, барлық білім алушыларды челленджге қатысуға шақырды. 6Ә класы Баруыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабын класс болып оқып, тәрбие сағатында талқылады. Мақсаты: Бауыржан Момышұлының ұлылығын терең сезініп, қайталанбас азамат тұлғасынан үлгі алу, Бауыржан шыншылдығының дәрежесінің адамгершілік кемелдігіне тоқталу. Сонымен қатар оқушының ойлау қабілетін дамыту, өз ойын тұжырымдауға және басқалардың пікірін сыйлауға үйрету. “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында 2 “Б” сынып оқушылары “Дәнеш ағайдың ертегілері” атты ертегілер кітабын оқып, оқушылар бір-біріне сұрақ қойып, мазмұнын айтып берді.

ҚР Оқу -ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы мектеп оқушыларының қысқы демалыс кезінде облысымыздың мектептерінде "Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз" тақырыбындағы іс-шаралар ұсынды. Осыған байланысты М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-нің 6 б класс оқушысы Ғайсақызы Айару қысқы демалыста кітап оқып, қысқаша мазмұнын баяндап, тындарманға жеткізді. 01.12.2024 ж. М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-нің кітапханасы "Менің отбасым кітап оқиды" тақырыбында қолшатырдағы сурет көрмесін оқырмандарға ұсынды. Көрмеге 4 класс оқушыларының отбасыларымен бірге кітап оқу сәтінде түскен фотосуреттері жинақталып, қолшатыр астына қойылды. Класс жетекшілері: Қибасова А.Д. А, Төрежанова, А.К. Шалжанова Ш.Н. Көрмені оқырман- оқушылар тамашалады. М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ- де күзгі демалыс кезіндегі жоспарға сәйкес "Оқуға құштар жобасы" аясында "Кім жылдам" атты 2-3 класс оқушыларының арасында оқу шапшаңдылығы алынды. Мақсаты: оқушылардың кітапқа деген құштарлығын арттыру; кітап оқуға шақыру. Қорытындысы дүйсенбілік лездемеде оқушылар марапатталады. Мектеп кітапханасы "Рәміздерім - мақтанышым" атты вертуалды кітап көрмесін дайындап, оқырмандар назарына ұсынылды. Мақсаты: Ту, Әнұран, Елтаңба туралы түсініктерін нығайту. Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, тәрбиелеу. Кітаптармен таныстырып, кітап оқуға шақыру.

«Балалар және театр» ағартушылық жобасы мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытып, жаңа таланттардың ашылуына жол көрсету мақсатында мектепте театр үйірмесі жұмыс жасайды. «Балалар және театр» жобасы бойынша ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2023-2024 оқу жылы бойынша жетістіктер: Аудандық мәдениет үйі жанынан құрылған «Замандас» халықтық театрының ұйымдастыруымен өткен «Сахнадан сәлем-3» аудандық театрлар фестиваль байқауына белсенділікпен қатысып, жоғары деңгей көрсеткені үшін «Самғау» театры алғыс хатпен марапатталды. Аудандық мәдениет «Замандас» халықтық театрының атынан М.Қалмағамбетовтың атындағы арнайы жүлде сертификатпен марапатталды. М. Жұмабаев атындағы ЖББОМ жанынан құрылған " Самғау" театрының мүшелері " Соқыр ана" драмасын сахналады. Режиссері: Абенова Лаззат Колмырзаевна. Көрініске қатысқан оқушылар: Қуандық Жансель, Жаңаберген Ақерке, Асылан Муслима, Сәкенова Мерей, Балғабек Шынар, Нұрболұлы Қолқанат, Адильханов Ерлен Серікұлы, Өркен Қонысбай, Айқын Сәкен, Ержан Алматова, Кәлима Балтабаева, Нұрбигүл Садирова, Адия, Асқарбек Жұлдыз, Жарылқасын Дана. Мектеп сахнасына " Ұшқан ұя" желісінен алынған " Бала Бауыржаннан батыр Бауыржанға дейін" тақырыбында оқушылар Бауыржан Момышұлының рөлін керемет сомдап, қойылымын, Дулат Исабековтың екі бөлімді «Әпке» драмасын жоғары сынып оқушылары алып шыққан. Мектептегі талантты балалардың басын біріктіретін үйірменің кішкентай мүшелері де ертегілерді сахналады. Олар ертегілер қойып, көрерменнің қошеметіне бөленген. «Өнерлінің өрісі кең» атты тақырыпта байқау өткізіліп, байқауға 1-4 сынып, 5-8 сынып қатысты. 8 «А» сыныбы Мұқағали Мақатаевтың 9 ақпан туған күніне орай «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын жоғары деңгейде сахналап шықты. Барлық шаралар әлеуметтік желіге салынып отырды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы, "Театр" жобасы бойынша М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-де "Самғау" театрының ұйымдастыруымен "Жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында түсірілген видео көрінісі әлеуметтік желіге жарияланды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша атқарылған іс шаралар.

2023-2024 оқу жылындағы өзін өзі басқару ұйымының жоспарына сәйкес мектебіміздің ауласында «Таза болса Табиғат, аман болар адамзат» атты мектеп ауласын тазарту жұмыстары және де сенбілік жұмыстары жүргізілді. Эко әлем бағытының жоспары бойынша күз мезгілінде бұл сенбіліктер бірнеше рет өткізілді. 2023 жылдың қыркүйек айының 30- ы күні, өзін - өзі басқару және де бастауыш класс оқушыларына «Көңілді қоңырау» айдары өткізілді. Оқушылардың жан- жақтылығын арттыру мақсатында әртүрлі мақал -мәтелдердің жалғасын табуға сұрақтар қойылды. «Еңбегі адал жас өрен жобасы» аясында М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ- де 1- қазан қарттар күніне орай 8 "б" класының ұйымдастыруымен "Құрметтеймін қартымды" тақырыбында мерекелік кеш ұйымдастырылды. Кештің қонақтары ардагер ұстаздар, ауданымыздағы қариялар және 8 класс оқушыларының ата- әжелері шақырылды. Мерекелік кеште оқушыларымыз өз өнерлерін көрсетіп, түрлі сұрақтар қойылып, мерекелерімен құттықтады. Кеш соңында қонақтарымызға ақ дастархан жайылып, жылы лебіздерін білдіріп, ақ баталарын берді.

Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу әдістемелік орталығы мектептегі өзін өзі басқару жұмысын жандандыру мақсатында , тұлғаның көшбасшылық қабілеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында 5 қазан күні мектебімізде «Дублер күні» өткізілді. Дублер күні үш кезеңді қамтып өткізілді. Бірінші кезең мектебіміздің бастамашыл топ құрылып, сынып сағаттарын, сынып жетекшілерді тағайындау және оқушылармен қауіпсіздік жұмысын, түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 6 «А» сыныбында «Оян, ар мен адалдық» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Мақсаты: оқушыларға адалдық, адамдық тақырыбында түсінік бере отырып, өздерін заңсыз істерге бармауға , таза еңбек қоғамға деген адалдық тақырыбында ой бөлісіп, оқушылар пікірі тыңдалды. Сыныптары арасында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Оян, ар мен адалдық» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушыларға ар мен адалдық сезімдерін ұғындыру. Адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатында “Еңбегі адал жас өрен” жобасы аясында “Еңбек етсең ерінбей...” тақырыбында оқушылардың қолынан жасалған бұйымдардан көрме ұйымдастырылды. Жетекшілері Жакупова Н, Алматы А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жүргізу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша 6 ә сыныбында “Жемқорлықсыз қоғамға қадам” тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Өткізген класс жетекші Жұрамбаева И.ХМ. Жұмабаев атындағы ЖББОМ-де 2024 жылдың 17 қаңтар мен 17 ақпан аралығында “ДосболLike” акциясын жалғастырып, лездемені көңілді өткізу мақсатында Мағжан еріктілерінің ұйымдастыруымен ұстаздарға және оқушыларға арналаған “Мақалдың жалғасын тап та, бауырсақ ал” айдары өтті. Еңбегі адал жас өрен жобасы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жүргізу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша 7-9 кластар аралығында “Жемқорлықсыз қоғамға қадам” тақырыбында плакаттар байқауы өтті. Мақсаты: Адал еңбек пен еңбекқорлық мәдениетін кеңінен насихаттау.

Байқау қорытындысы бойынша:

- 3 - орын 8Б класы класс жетекшісі Алматы Ағипа
- 2- орын 9 А класы класс жетекшісі Нұрқалық Зауре
- 1- орын 9Б класы класс жетекшісі Ыбырай Саяжан

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында «Тоғыз құмалақ» 5-11 сыныптар арасында ұлттық ойын түрінен жарыс ұйымдастырып өткізді. Ойын ережесін және АӘД пәні мұғалімі А.Жармедетов түсіндіріп өтті. Жарысқа 5-11 сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне қарай қатысты. Жарыс қорытындысы шығарылып, жеңген оқушыларға грамоталар табысталды.

«Тоғыз құмалақ» Ұлттық ойын түрлерінен жарыс өткізудің мақсаты, оқушылардың ойлау қабілетін дамыту болып табылады. 25- қазан Республика күніне орай “Аманат” партиясының қолдауымен “Спорт біздің серігіміз” атты спорттық эстафеталық отбасылық жарыс өткізілді. Отбасылық жарыстың негізгі мақсаты: отбасыларды спортқа баулу; ата- ана мен баланың арасындағы бірлік пен татулық қасиеттерін нығайта түседі. Әр топ жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерге төтеп беруі тиіс. Сайысқа 3 отбасы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша:

- 1) Ақдилдиндер отбасы “Қыран” тобы -3 орын
- 2) Жұмабековтер отбасы “Арман” тобы - 2 орын
- 3) Орынғалиевтер отбасы “Барыс” тобы -1 орын

Сайысқа қатысушы командаларға арнайы марапат қағаздармен, сыйлықтар табысталды. М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-де 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай мектеп парламентінің ұйымдастыруымен, 8-11 сынып аралығында волейбол жарысы өткізілді. Жарыста орын алғандар: 1-орын: 11 "А" сыныбы, 2-орын: 9 "Б" сыныбы, 3-орын: 10 "Ә" сыныбы, «Үздік ойыншы»: Серікбай Рамазан, «Үздік шабуылшы»: Бүркітов Бисұлтан, «Үздік пас беруші»: Баяхметова Инкар марапатталды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдану – деніміздің сау болуының негізгі кепілі. Осы мақсатта 23 қыркүйек күні мұғалімдер арасында Ұстаздар күніне орай волейболдан бірлестіктер бойынша жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа әр бірлестік болып сайысқа түсті. Жарыстың ашылуы Әнұран айтумен басталып, мектеп директоры Издина С.М. құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Жарыстың қорытындысы бойынша:

I орын Жаратылыстану, тарих бірлестігі;

II орын қазақ тілі бірлестігі;

III тілдер бірлестігі иеленді. Жарысқа қатысушы ұстаздарымызға арнайы сыйлықтармен, марапат қағаздары табысталды.

17 қараша күні мектепалды "Б" сыныбында "Асық ойындары" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту. Асық ойнату арқылы оқушыларды дәлдікке, мергендікке, ептілікке жеңіске деген құштарлыққа баулу. Оқушыларды ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу. Тәрбие сағатына арнайы Әйтеке би аудандық мұражайының қызметкері А.Жалмуханбетов, ата-ана әрі ардагер ұстаз Д.Ильясова, ата-ана Досмуратов А., тәрбие бөлімінің орынбасары Р.Кусегенова шақырылды. Мұражай қызметкері А.Жалмуханбетов оқушыларға асық ойыны туралы түсінік беріп, ата-аналармен бірігіп асықпен ойналатын ұлттық ойындарды ойнатты. Оқушылардың асық ойынына деген қызығушылығы артып, тәрбие сағатына белсенді қатысты. Тәрбие сағатына қатысушы қонақтарға мектепалды "Б" сыныбының тәрбиешісі Махмут М.М алғыс білдірді. Қазақ халқы өзінің өскелең ұрпағын ойын арқылы алуан түрлі өмірлік бейімділікке баулып отырған. Осы арқылы қазақтың дене-қуаты күшті, парасатты ұл-қыздары елі мен жерінің арнамысын қорғауға қашанда әзір болып қалыптасқан. Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай, бабадан мирасқа жеткен осы ұлттық ойындарымызды дамыту мақсатында «Қамқор» әкелер клубының ұйымдастыруымен «Ұлттық ойындар – халықтың рухани қазынасы» тақырыбында 5-6 кластарға танымдық сабақ өткізді. Оқушылар асық ату, көтермек, қыздар арасында сақина салу ойындарына қызыға да, белсене қатысты. Барлық қатысушы оқушыларға тәттілер таратты. Әкелер клубының мүшелері Рампейлов Серік, Сатимов Еркінғали, Құрманов Руслан, Жандилдаев Нұрболға қатысты. М.Жұмабаев ЖББО мектебінде 12.04.күні "Тоғыз айға 9 іс-шара" тұжырымдамасы бойынша білім алушылар арасында "Шахмат ойнау" челлендж ұйымдастырылып өткізілді. "Спорт және салауатты өмір салты" фракциясының ұйымдастыруымен 8-11-ші кластар арасында волейбол жарысы өтті.

Оқушылардың спортқа деген қызығушылығы өте жоғары. Жарыстың қорытындысы шығарылып: "Үздік шабуылшы" Бүркітов Бексұлтан, "Үздік пас беруші", Бауыржанұлы Тілеужан, "Үздік ойыншы" - Шалжанов Данияр, 1-ші орын 9 "Б" класы, 2-ші орын 8 "Б" класы, 3-ші орын 10 "Ә" класы марапатталды. Мектеп парламентінің ұжымдық шығармашыл істері жалғасын тапты. М.Жұмабаев ЖББО мектебінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 2-11 сынып оқушылары арасында мектепшілік шахмат олимпиадасы өтті. Ұйымдастырушы: Жармедетов А. М.Жұмабаев атындағы ЖББО мектебінде Эстетика апталығына орай ұйымдастырылған "Салауатты өмір салтын қолдайық" тақырыбында бірлестік ұстаздары арасында волейбол ойыны өтті. Мақсаты: Ұстаздардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, ұжым арасында ынтымақтастықты нығайту, педагогтерді эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Эстетика бірлестігі апталығында Жармедетов Ардашты ұйымдастыруымен қоңырау уақытында "Шахмат ақыл-ой өнері" атты оқушылар мен ұстаздарға шахмат ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты: Еңбек, ақыл-ой тәрбиесін жетілдіру. 15 Мамыр Отбасы күніне орай "Әкем, шешем және мен" атты 2 кластар аралығында отбасылық эстафеталық сайыс өтті. Сайысқа 2 б "Жеңіс", 2 б "Қайсар", 2 а "Шаңырақ", 2 а "Жалын", 2 ә "Барыс", 2 ә "Сұңқар" командалары қатысты. Сайыс 5 кезеңді қамтыды. Сайыстың кезеңдерінен сүрінбей, әр команда жеңіске ұмтылып, белсене қатысты. Командалар марапатталып, сайыс соңында демеушілер дайындаған естелік сыйлықтар табысталды.

- 2 б Жеңіс тобы 3 орын
- 2 б Қайсар тобы 3 орын
- 2 а Шаңырақ тобы 3 орын
- 2 а Жалын тобы 2 орын
- 2 ә Сұңқар тобы 2 орын
- 2ә Барыс тобы 1 орын

«Ұлттық мектеп лигасы»бағдарламасындағы 9-10 сынып оқушылары қыздар арасында "ВОЛЕЙБОЛДАН" «Ақтасты кубогі» жарысында М.Жұмаев мектеінің командасы І орынды иеленді. «Қауіпсіз интернет» жобасы бойынша іс шаралар жоспары жасалынып бекітілді. Жоспарға сай қараша айында информатика пәнінің мұғалімі Жонысова Э «Қауіпсіз ғаламтор» тақырыбында оқушыларға ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы түсінік қалыптастыру мақсатында 5-11 класс оқушылары үшін әңгіме- сұхбат өткізді. Тақырыпқа байланысты бейнежазбалар көрсетілді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, өз білгендерімен бөлісті. Сонымен қатар тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Р.У.Кусегенова 22 желтоқсан күні «Интернеттегі қауіпті хабарламалардан балаларды қалай қорғауға болады?» тақырыбында да ата аналар үшін дәріс сабақ өткізді. Сабақ арысында ғаламтор туралы кеңінен түсінік берілді. Пайдасы мен зиянды жақтары туралы ата-аналар өз пікірлерін ортаға салып, қызу талқыға салды. «Қауіпсіз интернет» жобасы аясында мектеп психологтары Р.Абишова мен К.Қалиоллақызы ақпан айында жоғарғы сынып оқушыларына «Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік» тақырыбында кеңес берді.

«Қауіпсіз интернет» жобасы бойынша «Отбасылық дәстүрлер» сынып сағаттары өтті. Сынып жетекшілер отбасылық құндылықтар, дәстүрлер, отбасының негізгі міндеттерін айтып өтті. Оқушыларға отбасылық дәстүрлер туралы сұрақ беріліп, олар өз ойларын постер қорғау арқылы жеткізді. Мақсаты: Халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін дәріптеу. Соның бірі отбасының басты қызығы, алтын тіреу-діңгегі-бала. Бала туылғаннан кейін баланы бесікке бөлеуден бастап өскенге дейінгі салт-дәстүрлерді дәріптеу. Салт- дәстүрді атадан балаға жеткізу. Отбасындағы дәстүрлерге, даму тарихына қызықтыру. 1 – 11 сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 1-11 сыныптар арасында « Ғаламтор дегеніміз не?», « Қауіпсіз ғаламтор әлеміне саяхат», «Қауіпсіз ғаламтор» тақырыбына тәрбие сабақтарын өткізді. Апталық барысында дөңгелек үстелдер, баяндама, дебат балаларға арналған шығармашылық байқаулар, ата-аналардың қатысуымен іс-шараларды ұйымдастыру жоспарланды. Наурыз айында информатика пәні бойынша "ақпараттық қауіпсіздік" ғылыми-зерттеу жұмысын жазу барысында оқушы компьютерлік қауіпсіздік туралы әдебиеттерді оқыды, ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін анықтады, ақпаратты қорғауды құқықтық реттеуді зерттеді, осы мәселелерді шешу жолдарын талдады. Жұмыста компьютерлік вирус дегеніміз не, оның жұмыс принципі қандай, сонымен қатар интернеттегі ең көп таралған вирустардың тізімі келтірілген. Біртұтас тәрбие бағдарламасы, "Қауіпсіз интернет" жобасы бойынша "Зияткер" дебат клубының ұйымдастыруымен "Интернет алаяқтарынан қалай сақтануға болады" тақырыбында пікір алмасып, "Достың да-досы бар" тақырыбында дебат өткізілді. Ойын өте әсерлі және қызықты болды. Ойынға "Зияткер", "Ұшқын", "Кемел", "Болашақ" фракциялары қатысты. Алынған қарар: 1) Интернет алаяқтарынан қалай сақтануға болады? 2) БП. Қазіргі заман жастары досқа адал д.е 3) БП. Достық еш нәрсемен бағаланбайтын құндылықтың бірі.

«Төрт тоқсан- төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының мақсаты: Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

Мектебімізде "Алтын сақа" асық ату олимпиадасы өткізілді. Мақсаты: қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын құрметтеуді қалыптастыру, батылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу, ептілікті, қырағылықты және дәлдікті дамыту. Міндеттері: халықтың мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау, қазақ ұлттық ойындарын білуге қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, балаларды асық ойынына баулу. "Алтын сақа" асық ату олимпиадасының екінші кезеңі "Үш табан", "Бес асық" ойын түрлері бойынша жүргізілді.

«Ұлттық өнер» көрмесінің мақсаты –балалардың шығармашылық әлеуетін арттыру, мәдениет пен

өнер арқылы сұлулық әлеміне баулу, ел тарихына деген мәнділігі мен қызығушылығын арттыру, патриотизмге және туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау. Көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Жакупова Н.А. Байдильдин А.Б. Алмат А.О. тоқыма бұйымдарын өндіру, gobelen, кесте, моншақ, киіз басу ағаш бұйымдары, ағаш кескіндеме, ұлттық ою-өрнек элементтері бар халық киімінің элементтерін (қалпақ, бас киім, шар, жилет және т.б.) оригами, аппликация, квиллинг сияқты, қағаздан жасалған бұйымдардан көрме ұйымдастырылды.

2024 жылғы мамыр айында **"Туған өлкем"** балалар фестивалі өтті. Бұл жобаға оқушылар белсене қатысты. Еріктілер клубы зейнеткер ұстаздардың үйіне, қарияларға бау-бақша, аула тазарту жұмыстарына көмек көрсетті. Білім алушылар мектеп ауласын қыста жиналған қоқыстардан тазартуға қатысты. Мұндай көмек біздің еріктілер үшін жақсы дәстүрге айналды. Көктем-бұл қысты «аяқтау», қыстан жиналған қалдықтарынан арылу, бәрін ретке келтіру уақыты. Еріктілер тез және үйлесімді жұмыс істеді.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдама өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережесі, сондай-ақ білім беруді ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды жоспарлау бойынша ғылыми ұсыныстар негізінде әзірленді.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жоспары

- **қыркүйек** Сергіту сәті
- **қазан** Әнұран айту
- **қараша** Асық ату
- **желтоқсан** Шығарма жазу: болашаққа хат
- **қаңтар** Қазақ есебі
- **ақпан** Оқуға құштар мектеп
- **наурыз** Домбырашылар
- **сәуір** Шахмат ойнау
- **мамыр** Жасыл мекен

1.«Сергіту сәті» челленджінің мақсаты - білім алушылардың сабақ процесіндегі қысқа мерзімді үзілістер, шаршаудың алдын алу, ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру, дене бітімі бұзылуының алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында, өткізу орны мен киімін айқындап **08.09.2023ж. күні** бір мезгілде ұйымдастырылды.

2.«Әнұран айту» челленджінің мақсаты- білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету. дыбыстық рәміз ретінде әрекет ете отырып, әрбір қазақстандықтың өз еліне, жеріне, халқына деген мақтаныш сезімін ояту мақсатында әнұранды орындай отырып, адамның рухани жағдайы мен өз еліне мақтаныш сезімі асқақтайды.**23.10.2023 ж.күні** мектеп қабырғасында білім алушылар мен педагогтер жанды дауыспен Мемлекеттік Гимнді орындады.

3.«Асық ату» челленджінің мақсаты- білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау.

«Бес табан» ойыны мергендікке тәрбиелеуді көздесе, **«Бес асық» ойыны** ептілік пен алғырлыққа баулиды. Оқушылар үйлерінен жинаған асықтарын әкеліп, бір мезгілде ұйымдастырылды.

4. «Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджінің мақсаты - Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойға жоспарлары мен болашағы, өз ойын қағаз бетінде жүйелі жазып, ішкі тұжырымдарын сөзбен жеткізуге үйрету арқылы жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған.

Білім алушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, «Тәуелсіз Қазақстандағы менің жетістігім»,

«Менің болашағым», «Еліммен бірге болашаққа апарар жол» т.б. ел тәуелсіздігі күні қарсаңындағы әр білім алушының ел тағдырымен өз болашағы арасындағы сабақтасты туралы ойлануына негіз болатын тақырыптар ұсынылды. **13.12.2023 ж. күні жаппай әр кластарда өтіп, #шығарма жазу хэштегімен әлеуметтік желіге жарияланды.**

5.«Қазақ есебі» челленджінің мақсаты- білім алушылардың креативті және сыни ойлауын, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға, логикасын, зейінін жаттықтыруға ықпал етіп, дамытуға ықпал ету. Математика пәнінің мұғалімдері білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмадилдаев Асқар Серкұлұлының авторлық есептерін алып, жоғары деңгейде ұйымдастырылып, **#есепшығару хэштегімен әлеуметтік желіге жарияланды.**

6. «Оқуға құштар мектеп» челленджінің мақсаты - білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тартып, отандық және әлемдік озық шығармаларды насихаттап, білім алушылардың кітап оқуға қызығушылығын, оқу сауаттылығын арттыруға, оқыған кітабын жалпылау және талдау қабілеттерін дамыту негізінде шығармашалық қиялын қалыптастыруға, кітап оқуға құштарлығын арттыруға ықпал ету. **28.02.2024 ж. күні, «Сүйікті кітабым»** көрмесі ұйымдастырылып, бір уақытта білім алушылар өзі ұнатқан кітаптарынан үзінді оқып, достарымен ой бөлісті. Бұл челленджден кейін білім алушылардың кітап оқу белсенділігін артып, оқу мәдениеті дамыды. Кітап оқуға ынталары артты.

7.«Домбырашылар» челленджінің мақсаты- білім алушылардың эстетикалық, патриоттық сезімдерін, рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, балалардың домбыра тарту мәдениетін насихаттау, еліміздің мәдени мұрасын сақтау.

17.03.2023 ж күні, домбыра тартатын ұстаздар мен білім алушылар және **«Сырлы саз»** домбырашылар үйірмесінің қатысушыларымен челлендж ұйымдастырылды.

Домбыра тарту арқылы білім алушылардың бойында қазақ халқының мәдени мұрасы дариды, рухани дамуына көмектеседі, эстетикалық тұтастықты қалыптастырады. Домбырада ойнаудың арқасында ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас қалыптасады, отансүйгіштікке, бірлікке, сенімге, қонақжайлылыққа, мейірімділік пен ынтымақтастыққа, айналадағы адамдарға, табиғатқа деген етене жақындық сезіміне тәрбиеленеді, осылардың негізінде шығармашыл тұлға және оның рухани-адамгершілігі қалыптасады.

8.«Шахмат ойнау» челленджінің мақсаты - білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін, тұлғаның қалыптасуына, логикалық ойлауға және өз іс-әрекетін жоспарлауға үйретіп, зейіннің шоғырлануын дамытады.

12.04.2023 ж күні, барлық шахмат ойнаушылардың қатысуымен өтті.

«Жасыл мекен» челленджінің мақсаты- білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу.

«Жасыл мекен» челленджі көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дәріптеумен қатар, еңбек құндылығын қалыптастыруға, айналаны көгалдандыруға, абаттандыруға бастама болып табылады. II ауысымда оқитын 10 а,ә; 8 а,ә,б; 7 а,ә,б класс білім алушыларын таңертеңгі мезгілге шақырылып, сабағы жоқ мұғалімдер жұмыла кірісіп өз үлестерін қосты. **12.05.2023 ж күні** бір мезгілде жүзеге асырылды.

9.«Даналық мектебі» ата-аналар клубының мақсаты-позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

Қазақ халқының құндылықтары мен дәстүрлеріне сүйеніп, ата-аналар қауымымен «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секцияларын ұйымдастырып көптеген іс-шаралар өткізілді.

«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбындағы дөңгелек үстелге 1-10 кластардың аталары немесе әкелері баласымен немесе немересімен қатысып, «шежіре» мәселесіне тоқталып, өсіп келе жатқан балаға шежіре, әулеттің тарихы туралы, ағайын-туыс арасындағы қарым-

қатынасты, жеті ата туралы сұрақтар талқыланды.

Бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау мақсатында «**Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет**» тақырыбында шебер сабақ өтті. **Шебер сабаққа қатысқан әжелер мен аналар бата туралы, оның түрлеріне тоқталып**, батаның адамға әсері, ынтымақ, береке болады деп батаның әрбір сөзіне шүбәсіз сенетінін айтты. Қазақтың бата сөздері – бағзы заманнан келе жатқан, халық тарихымен тағдырлас, тәлім-тәрбие құралы болған тағылымы мол мұра. Осынау ұлы мұраны игеріп, оны халықтың игілігіне жарату, жас ұрпақтың санасына сіңіру – ата-ананың, әсіресе аталардың міндеті.

Әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету мақсатында «**Ертегі – танымның көзі**» тақырыбында интерактивті сабақ өткізілді. Сабақ барысында әжелердің тәрбиедегі орнын айқынданып, ертегі туралы білімдерін, ой-пікірлерін тыңдап, құнын жоғалтпаған ертегілер мен бүгінгі күн ертегілерінің айырмашылығы мен мәнін ашуда дана да аяулы әжелеріміздің әңгімелеріне тәнті болдық.

Халқымыздағы әдептілікке бастау болған ырымдар мен тыйымдардың мәнін ашып, әжелерге берілетін білім арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау мақсатында «**Ырым-тыйым – әдептілік негізі**» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Адамда сырты мен іші, сөзі мен ісі үйлескен сұлулық болғанға не жетсін?! Көбінесе, жан сұлулығы адамның сөзі мен іс-әрекетінен көрінеді. Қазақ оны әдеп-ибасы бар, тәрбиелі, мәдениетті жан деп баға береді. Әжелер мен аталарымыз “Этика” – мораль туралы ілім, педагогика-психология деген ғылым жоқ заманда «**ұят болады**», «**жаман болады**», «**обал болады**» деп, қарапайым қағидалар, ырымдар мен тыйымдардың ұлттық тәрбиедегі орнын ашып, мәнін айқындады. Өте жоғары деңгейде өтті.

3. Сынып жетекшілігі туралы ереженің орындалуы

«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, 31.05.2022 ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)

Ереже сыныптағы білім алушылардың оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша педагогке жүктелген функцияларды айқындайды.

Сынып жетекшісі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Педагог мәртебесі туралы", басқа да Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асыруда.

Мектепте 34 класс комплектісі, бұйрықпен бекітілген 34 сынып жетекші жұмыс жасайды. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Махамбетова К.А. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Әр тоқсан сайын отырыс өткізіледі. Жыл сайын сынып жетекші жұмысы қорытындыланып, мониторинг жүргізіледі. Жыл қорытындысында жақсы нәтиже көрсеткен сынып жетекшілердің іс-тәжірибесі таратылады.

Сынып жетекшілер балалардың жан-жақты дамуын ынталандыру, оқушылардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау, ата-аналармен (басқа да заңды өкілдермен) өзара байланыс орнату және оларды оқу мен тәрбие процесіне тарту, салауатты өмір салтына ынталандыру, азаматтық пен патриотизмге, өз Отанын сүйуге, табиғатты қастерлеуге тәрбиелеу, отбасы ара-қатынасын нығайту, үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу, сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру, білім алушылардың өмір сүру жағдайларын білу, ата-аналар жиналысын өткізу

| | |
|-----|---|
| | <p>(педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар), білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу, аптасына бір рет сынып сағаттарын өткізу сияқты өз міндеттерін мен жұмыс жасау формаларын, "мектеп-оқушы-ата-ана" өзара әрекетін жүзеге асыруда қызмет етуде.</p> <p>4. Білім алушылардың сабақтан тыс әр түрлі нысандарын ұйымдастырылуы, қосымша білім берудің жүргізілуі.</p> <p>2023-2024 оқу жылы бойынша үйірме және қосымша білім беру жұмыстары бойынша тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту мақсатында білім беруді кешенді жүзеге асыру үшін мектебімізде тегін үйірме, Ақылы 5 (бес) үйірме жұмыс жасайды.</p> <p>1.1. Бейімбет Ф. - (Волейбол) -25 бала 1.2. Аяғанов Н. – (Футбол) -20 бала 1.3. Айдаубаев Ж. – (Футбол) -20 бала 1.4. Жауғашар А – (Теннис) - 20 бала 1.5. Жармедетов А.Қ. – (Шахмат) – 20 бала</p> |
| 4.4 | <p><i>білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);</i></p> <p>2023-2024 оқу жылында жаратылыстану – математика бағыты бойынша жалпы орта білім беруде физика, география, химия, биология пәндері аптасына 2 сағаттан барлығы 32 сағат, жылына 1088 сағат, алгебра және анализ бастамалары аптасына 4 сағат, геометрия 2 сағат, барлығы 24 сағат, жылына 816 сағат берілген.</p> |
| 4.5 | <p><i>білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру</i></p> <p>ҚР «Білім туралы» Заңының 8 бабы 5 тармағы негізінде мүмкіндігі шектеулі оқушыларға жеке үйде тегін оқыту ұйымдастырылды. Ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, төмендегі нормативті құжаттар басшылыққа алынды.</p> |

1. ҚР Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 27- қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 53- қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары»; (жанартылған білім мазмұнында)

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты.

3. Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің 2022 жылғы «Үйден оқытылатын балаларды жалпы білім беру мектебінің бағдарламаларымен оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар».

Үйден оқылатын 1 а класс оқушысы І.Марғұланқызының денсаулығына байланысты Әйтеке би аудандық аурухананың дәрігерлік №208 08.082023ж. қорытындысына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 27- қосымша ,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 53- қосымшаға сәйкес, 29.08.23 жыл №1 педагогикалық кеңестің шешімінің негізінде жеке оқу жұмыс жоспары жасалды. Апталық сағат саны 12,5. Инварианттық оқу жүктемесі-9,5; әліппе, ана тілі -3 сағат, математика-4 сағат, цифрлық сауаттылық-1 сағат, жаратылыстану-1сағат, дүниетану-1сағат. Вариативтік оқу жүктемесінен дамытушылық сипаттағы жеке сабақтарға 3 сағат, «Ұлттық ойындар»-1 сағат, «Шахмат»-1сағат, «Математикалық логика»-1 сағат бөлінген, оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлімі баланың мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін, сырқаттың сипатын есепке ала отырып жасалған.

2023 жылы 12 қазаннан бастап 1 «а» класс білім алушысы Саматов Сағадат Самұратұлы ДКК қорытындысы №300 10.10.2023ж бойынша ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 4-қосымша ,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4- қосымшаға сәйкес 12.10.23 жыл №3 педагогикалық кеңестің шешімінің негізінде жеке оқу жұмыс жоспары жасалынды. Апталық сағат саны 8. Тіл-1,5, сөйлеу және коммуникацияны дамыту-1,5, математика – 1,5, санау-1,5, жаратылыстану-1, айналадағы әлем- 1, өмірлік дағдылар және өнер-2, бейнелеу өнері-0,5, заттық-практикалық әрекет-1,5, сенсорлы дамыту - 2 сағат бөлінген, оқу жұмыс жоспарының білім мазмұны баланың мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін, сырқаттың сипатын есепке ала отырып жасалған.

2023 жылы 31 қазаннан бастап 3а класс білім алушысы Нағашыбай Тоғжан Алматқызы ДКК қорытындысы №304 23.10.2023ж бойынша ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 27-қосымша ,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 53- қосымшаға сәйкес, 31.10.23 жыл №4 педагогикалық кеңестің шешімінің негізінде жеке оқу жұмыс жоспары жасалынды. Апталық сағат саны 14. Тіл және әдебиет - 8, математика және информатика-4, жаратылыстану-1, адам және қоғам-1 сағат бөлінген, оқу жұмыс жоспарының білім мазмұны баланың мүмкіндіктерін, ерекшеліктерін, сырқаттың сипатын есепке ала отырып жасалған.

